



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 40–53
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_40-53

КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРКІЛЕУ (1928–1933 жж.)

Серікбай Дәулетұлы Мамраймов

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, А. Байтұрсынов көш., 160000, Шымкент, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мамраймов С., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақала 1928–1933 жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған кеңестік аграрлық саясаттың негізгі бағыттары – жаппай ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу үдерістерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу отандық және шетелдік тарихнамалық еңбектерге, сондай-ақ архивтік деректерге сүйене отырып, аталған науқандардың мазмұнын, жүзеге асырылу тетіктерін және олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын ашып көрсетуге бағытталған. Кеңестік биліктің аграрлық саладағы стратегиялық басымдықтарының түбегейлі өзгеруі Қазақстан жағдайында өзіндік ерекшеліктерімен көрінді. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлері басым болған қазақ ауылында ұжымдастыру дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуіне, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне және демографиялық дағдарысқа алып келді. Бай-кулактарды тап ретінде жою саясаты ауыл қоғамын қайта құрудың негізгі құралына айналып, күштеу мен әкімшілік қысымға негізделді. Осы тұрғыдан алғанда, тәркілеу науқанының ұйымдастырушылық, құқықтық және практикалық қырларын ғылыми тұрғыда қайта пайымдау өзекті болып табылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің басты мақсаты – 1928–1933 жылдардағы Қазақстандағы ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу үдерістерін кеңестік аграрлық саясат контекстінде қарастырып, олардың алғышарттарын, іске асырылу механизмдерін және әлеуметтік-экономикалық салдарын тарихи талдау арқылы анықтау. Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды: жаңа экономикалық саясаттан бас тарту және жедел индустрияландыру жағдайында аграрлық саясаттың өзгеру себептерін талдау; бай-кулактарды тәркілеу науқанының құқықтық-нормативтік және институционалдық негіздерін анықтау; Қазақстандағы ұжымдастырудың аймақтық ерекшеліктерін, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға тигізген әсерін көрсету; репрессиялық шаралардың ауыл халқының әлеуметтік құрылымына, шаруашылық ахуалына және наразылық қозғалыстарына ықпалын бағалау; ресми статистикалық мәліметтер мен архив деректеріне сыни көзқарас білдіру. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қор материалдары, КСРО Орталық Аткару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулылары, ОГПУ органдарының құжаттары, сондай-ақ отандық және ресейлік тарихшылардың ғылыми еңбектері құрады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-

жүйелік және деректанулық талдау әдістері қолданылды. Ресми статистика материалдары әлеуметтік жіктеу, салық салу және тәркілеу тәжірибесінің нақты жағдаймен сәйкестігі тұрғысынан сыни тұрғыда қарастырылды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу үдерістерінің дайындықсыз, жоғарыдан күштеп енгізілген әкімшіл-әміршіл әдістер арқылы жүзеге асырылғанын көрсетеді. «Кулак» ұғымының шеңбері кеңейтіліп, оны қолдану жергілікті билік органдарының субъективті шешімдеріне тәуелді болды, соның салдарынан орта және кедей шаруашылықтар да репрессияға ұшырады. Тәркілеу барысында ауыл шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасы күйреп, өндірістік әлеует төмендеді. Салық саясаты мен құқықтық нормалардың өрескел бұзылуы ауыл халқының наразылығын күшейтіп, жаппай көші-қон мен қарулы қарсылық ошақтарының пайда болуына ықпал етті. Бай-кулактарды жою саясаты тек экономикалық мақсаттарды ғана емес, ауылды саяси бақылауға алу және мәжбүрлі еңбек ресурстарын қалыптастыру міндеттерін де көздегені анықталды. *Қорытынды.* Қорытындылай келе, 1928–1933 жылдардағы Қазақстандағы ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу кеңестік аграрлық саясаттың дағдарысты әрі зорлықшыл сипатын айқын көрсетті. Бұл үдерістер ауыл қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын күйретіп, ауыр демографиялық және әлеуметтік салдарға әкелді. Мақалада талданған архивтік деректер мен тарихнамалық тұжырымдар Қазақстан жағдайында аграрлық реформалардың әкімшілік қысым мен күштеу тетіктеріне сүйенгенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері кеңестік кезеңдегі аграрлық саясатты бағалауда аймақтық ерекшеліктерді ескерудің маңызын көрсетіп, аталған мәселені одан әрі терең зерттеуге негіз қалайды.

Түйін сөздер: ұжымдастыру, аграрлық саясат, бай-кулактар, тәркілеу, Қазақстан, кеңестік билік, ауыл қоғамы

Дәйексөз үшін: Мамраймов С.Д. Кеңестік аграрлық саясат аясындағы Қазақстандағы ұжымдастыру мен бай-шаруашылықтарды тәркілеу (1928–1933 жж.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 40–53-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_40-53

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И КОНФИСКАЦИЯ БАЙСКО-КУЛАЦКИХ ХОЗЯЙСТВ В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ СОВЕТСКОЙ АГРАРНОЙ ПОЛИТИКИ (1928–1933 гг.)

Серикбай Даулетулы Мамраймов

Южно-Казахстанский педагогический университет им. У. Жанибекова
(д. 13, ул. А. Байтурсынова, 160000, г. Шымкент, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Мамраймов С., 2026

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена комплексному анализу ключевых направлений советской аграрной политики в Казахстане в 1928–1933 гг., прежде всего процессов сплошной коллективизации и кампании по конфискации байско-кулацких хозяйств. Исследование основано на материалах отечественной и зарубежной историографии, а также архивных источниках и направлено на раскрытие содержания, механизмов реализации и социально-экономических последствий указанных мероприятий. Коренная трансформация аграрной политики советской власти в условиях Казахстана имела свою специфику. Коллективизация в регионах с преобладанием кочевого и полукочевого хозяйства привела к разрушению традиционных форм хозяйствования, углублению социальной дифференциации и демографическому кризису. Политика ликвидации байско-кулацких хозяйств как социального слоя стала одним из основных инструментов перестройки сельского общества и осуществлялась преимущественно методами административного давления и принуждения. В этой связи научное переосмысление организационных, правовых и практических аспектов конфискационной кампании представляет особую актуальность. *Цель и задачи исследования.* Целью исследования является исторический анализ процессов коллективизации и конфискации байско-кулацких хозяйств в Казахстане в 1928–1933 гг. в контексте советской аграрной политики, а также выявление их предпосылок, механизмов реализации и социально-экономических последствий. Для достижения поставленной цели определены следующие задачи: проанализировать причины

изменения аграрной политики в условиях свертывания НЭПа и форсированной индустриализации; раскрыть правовые и институциональные основы кампании по конфискации байско-кулацких хозяйств; выявить региональные особенности коллективизации в Казахстане, в том числе ее влияние на кочевые и полукочевые хозяйства; оценить воздействие репрессивных мер на социальную структуру сельского населения, экономическое положение крестьян и формы протестной активности; дать критическую оценку официальной статистике и архивным данным. *Материалы и методы.* Источниковую базу исследования составили материалы Архива Президента Республики Казахстан, постановления ЦИК и СНК СССР, документы органов ОГПУ, а также труды отечественных и российских исследователей. В работе применялись историко-сравнительный, историко-системный и источниковедческий методы анализа. Официальные статистические данные рассматривались с критических позиций с точки зрения их соответствия реальной практике социальной дифференциации и налоговой политики. *Результаты.* Результаты исследования свидетельствуют о том, что коллективизация и конфискация байско-кулацких хозяйств в Казахстане проводились без должной подготовки, с использованием административно-командных и принудительных методов. Расширительное толкование категории «кулак» и зависимость решений от субъективных факторов на местах привели к репрессиям в отношении средних и бедняцких хозяйств. Конфискация сопровождалась разрушением материально-производственной базы сельского хозяйства и усугублением экономического кризиса в деревне. Несправедливая налоговая политика и правовые нарушения способствовали росту крестьянского недовольства, массовым миграциям и формированию очагов сопротивления. Установлено, что политика ликвидации байско-кулацких хозяйств выполняла не только экономические, но и политические функции, направленные на усиление контроля над сельским населением и формирование системы принудительного труда. *Выводы.* В заключение отмечается, что процессы коллективизации и конфискации байско-кулацких хозяйств в Казахстане в 1928–1933 гг. наглядно продемонстрировали кризисный и насильственный характер советской аграрной политики. Эти мероприятия привели к разрушению традиционной социальной структуры сельского общества и тяжелым социально-экономическим и демографическим последствиям. Анализ архивных источников и историографических подходов подтверждает, что аграрные реформы в Казахстане осуществлялись преимущественно методами административного давления. Полученные результаты подчеркивают необходимость учета региональной специфики при изучении и оценке аграрной политики советского периода и создают основу для дальнейших исследований данной проблематики.

Ключевые слова: коллективизация, аграрная политика, байско-кулацкие хозяйства, конфискация, Казахстан, советская власть, сельское общество.

Для цитирования: Мамраймов С.Д. Коллективизация и конфискация байско-кулацких хозяйств в Казахстане в контексте советской аграрной политики (1928–1933 гг.) // Отечественная история. 2026. Т. 29. № 1. С. 40–53. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_40-53

COLLECTIVIZATION AND THE CONFISCATION OF BAI AND KULAK HOUSEHOLDS IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF SOVIET AGRARIAN POLICY (1928–1933)

Serikbay D. Mamraimov

U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(13, A. Baitursynova str., 160000, Shymkent, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Mamraimov S., 2026

Abstract. Introduction. The article provides a comprehensive analysis of the key directions of Soviet agrarian policy implemented in Kazakhstan during 1928–1933, focusing on the processes of forced collectivization and the campaign of confiscation of bai and kulak households. The study is based on domestic and foreign historiography as well as archival sources and aims to reveal the content, implementation mechanisms, and socio-economic consequences of these policies. The radical transformation

of Soviet agrarian policy manifested specific features in the Kazakh context. In regions dominated by nomadic and semi-nomadic forms of economy, collectivization resulted in the destruction of traditional economic structures, deepened social stratification, and a severe demographic crisis. The policy of eliminating bai and kulak households as a social group became a central instrument of rural transformation and was largely carried out through coercive and administrative methods. In this regard, a scholarly reassessment of the organizational, legal, and practical aspects of the confiscation campaign remains highly relevant. *Purpose and objectives of the study.* The main purpose of the study is to conduct a historical analysis of collectivization and the confiscation of bai and kulak households in Kazakhstan in 1928–1933 within the framework of Soviet agrarian policy, identifying their preconditions, implementation mechanisms, and socio-economic consequences. To achieve this goal, the following objectives were set: to analyze the reasons for changes in agrarian policy in the context of the abandonment of the New Economic Policy and accelerated industrialization; to examine the legal and institutional foundations of the confiscation campaign; to identify regional characteristics of collectivization in Kazakhstan, particularly its impact on nomadic and semi-nomadic households; to assess the effects of repressive measures on the social structure of the rural population, the economic conditions of peasants, and forms of social protest; to provide a critical evaluation of official statistics and archival data. *Materials and methods.* The source base of the study includes materials from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, resolutions of the Central Executive Committee and the Council of People’s Commissars of the USSR, documents of the OGPU, as well as works by Kazakhstani and Russian scholars. The research employs historical-comparative, historical-systemic, and source-critical methods. Official statistical data are analyzed critically in terms of their correspondence to actual practices of social differentiation and taxation. *Results.* The findings demonstrate that collectivization and the confiscation of bai and kulak households in Kazakhstan were implemented without adequate preparation and relied heavily on coercive administrative methods. The broad and arbitrary application of the “kulak” category, combined with subjective decisions at the local level, led to repression against middle and poor peasant households. Confiscation resulted in the destruction of the productive capacity of rural households and intensified the decline of agriculture. Unjust taxation policies and legal violations contributed to growing peasant resistance, mass migration, and the emergence of protest movements. The study establishes that the policy of eliminating bai and kulak households served not only economic objectives but also political goals aimed at strengthening control over the rural population and creating a system of forced labor. *Conclusion.* In conclusion, collectivization and the confiscation of bai and kulak households in Kazakhstan during 1928–1933 clearly demonstrate the crisis-driven and coercive nature of Soviet agrarian policy. These processes led to the dismantling of traditional rural social structures and resulted in severe socio-economic and demographic consequences. The analysis of archival sources and historiographical approaches confirms that agrarian reforms in Kazakhstan were predominantly implemented through administrative pressure and coercion. The results emphasize the importance of considering regional specificities when assessing Soviet agrarian policy and provide a foundation for further research on this issue.

Keywords: Collectivization, agrarian policy, bai and kulak households, confiscation, Kazakhstan, Soviet power, rural society

For citation: Mamraimov S.D. Collectivization and the Confiscation of Bai and Kulak Households in Kazakhstan in the Context of Soviet Agrarian Policy (1928–1933) // Otan tarihy. 2026. Vol. 29. No 1. Pp. 40–53. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_40-53

Кіріспе. XX ғасырдың 1920-жылдарының соңы мен 1930-жылдардың басы кенестік мемлекет тарихындағы ең күрделі әрі қайшылықты кезеңдердің бірі болды. Бұл уақытта әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы түбегейлі өзгеріп, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі орнығып, қоғамның барлық саласын қамтыған күштеу сипатындағы реформалар жүргізілді. Осы өзгерістердің ортасында ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру және бай-кулактарды тап ретінде жою саясаты тұрды, ол индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырудағы басты тетіктердің бірі болып, аграрлық әлеуетті орталықтандырылған бақылауға алуды мақсат етті.

Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) шектеулері, астық дайындау дағдарыстары және нарықтық қатынастарға партиялық баға аграрлық саясатты түбегейлі қайта қарауға итермеледі. Сталиннің басшылығымен жедел индустрияландыру мақсатында ауыл шаруашылығынан барынша ресурстар тарту міндеті қойылды. Ұжымдастыру тек өндірісті арттыру құралы ғана емес, ауылдағы

әлеуметтік құрылымды өзгерту мен шаруаларды саяси тұрғыдан бағындырудың әмбебап тетігіне айналды.

Қазақстан жағдайында бұл науқан бүкілодақтық тәжірибеден ерекшеленді: халықтың басым бөлігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан, егіншілікке негізделген колхоздық модель жергілікті ерекшеліктерге сәйкес келмеді. Орталық директивалары жергілікті климаттық, әлеуметтік және мәдени шарттарды ескермей, әміршіл тәсілмен жүзеге асырылды, бұл шаруашылық құрылымының күйреуіне, халықтың кедейленуіне және әлеуметтік дағдарыстың тереңдеуіне алып келді.

Ұжымдастыру мен бай-қулактарды тәркілеу науқандары экономикалық қайта құру шаралары ғана емес, ауылды саяси бақылауда ұстаудың пәрменді құралы ретінде қолданылды. Соттан тыс репрессиялық шаралар, жер аудару және мәжбүрлі еңбек тәжірибесі халық қарсылығын басуға бағытталды. Нәтижесінде Қазақстанда жаппай халықтық толқулар, қарулы көтерілістер, ашаршылық және демографиялық апат орын алды.

Осы мақалада ұжымдастыру мен бай-қулактарды тәркілеу науқанының алғышарттары, іске асырылу механизмдері және әлеуметтік-экономикалық салдары кешенді түрде қарастырылады. Бұл тәсіл ауыл қоғамындағы дағдарысты үдерістерді толық әрі объективті бағалауға мүмкіндік береді және кеңестік аграрлық саясаттың ұлттық деңгейде туғызған ауыр зардаптарын көрсетуге бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін Қазақстан аумағында 1928–1933 жылдары жүргізілген жаппай ұжымдастыру мен бай-қулактарды тәркілеу науқанына қатысты кең ауқымды архивтік және жарияланған құжаттар құрайды. Негізгі дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларындағы партиялық және кеңестік басқару органдарының материалдары, атап айтқанда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің қаулылары, Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің хаттамалары, округтік және аудандық атқару комитеттерінің есептері, сондай-ақ Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) анықтамалары мен жедел мәліметтері пайдаланылды. Аталған құжаттар ұжымдастыру мен тәркілеу саясатының жоспарлану ерекшеліктерін, оның іске асырылу барысындағы ұйымдастырушылық тетіктерді және репрессиялық шаралардың ауқымын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеуде КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер, БК(б)П Орталық Комитетінің директивалық құжаттары, ұжымдастыру қарқыны мен қулактарды тап ретінде жою саясатын регламенттеген қаулылар кеңінен тартылды. Бұл материалдар аграрлық саясаттың құқықтық негізін, әлеуметтік жіктеу өлшемдерін және тәркілеу шараларының ресми рәсімдерін талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің деректік корпусын отандық және ресейлік тарихшылардың ұжымдастыру, тәркілеу және күштеп қоныстандыру мәселелеріне арналған монографиялары мен ғылыми мақалалары толықтырды. Бұл еңбектер кеңестік аграрлық саясатты бағалаудағы әртүрлі тұжырымдамаларды салыстыруға және мәселенің қазіргі тарихнамалық деңгейін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге ресми статистикалық мәліметтер әлеуметтік құрылымның нақты жағдайымен салыстырыла отырып, сыни тұрғыда қарастырылды.

Зерттеу әдіснамасы тарихи ғылымның жалпы ғылыми және арнайы әдістеріне негізделді. Тарихи-салыстырмалы әдіс Қазақстандағы ұжымдастыру үдерісінің бүкілодақтық тәжірибемен ортақ және ерекшелік белгілерін айқындау үшін қолданылды. Тарихи-жүйелік әдіс аграрлық саясаттың жекелеген элементтерін (салық салу, тәркілеу, жер аудару, мәжбүрлі еңбек) өзара байланыста қарастырып, оларды біртұтас репрессиялық-экономикалық механизм ретінде талдауға мүмкіндік берді.

Деректанулық талдау әдісі архивтік құжаттардың пайда болу жағдайын, олардың авторлық ұстанымын және идеологиялық шектеулерін ескере отырып, ақпараттың шынайылық деңгейін анықтауға бағытталды. Бұл, әсіресе, әлеуметтік жіктеу мен салық салу көрсеткіштеріне қатысты ресми статистиканың нақтылығын бағалауда маңызды рөл атқарды.

Зерттеуде сандық және сапалық талдау элементтері ұштастырылды. Сандық мәліметтер тәркіленген шаруашылықтардың үлесін, салынған салықтар мен айыппұлдардың көлемін, жер аударылғандардың санын көрсету үшін қолданылса, сапалық талдау нақты оқиғалардың мазмұнын, шаруалар наразылығының себептерін және репрессиялық практикалардың әлеуметтік салдарын ашуға мүмкіндік берді.

Осылайша, қолданылған материалдар мен әдістер кешені Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру мен бай-қулақтарды тәркілеу науқанының тарихи шындығын мүмкіндігінше объективті түрде қалпына келтіруге және зерттеліп отырған үдерістердің күрделілігі мен қайшылықты сипатын жан-жақты ашып көрсетуге негіз қалады.

Талқылау. Қазақстандағы ұжымдастыру мен бай шаруашылықтарын тәркілеу мәселесі отандық тарихнамада кеңінен қарастырылған тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл мәселе жөнінде жазған зерттеушілер қатарында кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдарында да еңбек еткен тарихшыларды атап өтуге болады. Аталған еңбектерде ұжымдастыру саясатының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және рухани салдарлары әртүрлі әдіснамалық тұрғыдан талданған.

Т. Омарбековтің зерттеулерінде Қазақстандағы ұжымдастыру мен байларды тәркілеу саясаты отарлық сипаттағы әлеуметтік эксперимент ретінде қарастырылады. Ғалым бай шаруашылықтарын тәркілеу қазақ қоғамының ішкі эволюциялық даму логикасына қайшы жүргізілгенін атап көрсетеді. Автордың пікірінше, байларды «феодалдық тап» ретінде жою қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесін күйретіп, ауылдағы әлеуметтік тепе-теңдікті бұзды. Бұл тұжырым зерттеу барысында тәркілеудің ұжымдастыру алдындағы дайындық кезеңі, яғни күштеп ұжымдастыру саясатының беташары болғанын негіздеуге мүмкіндік береді [Омарбеков, 1994: 35; Омарбеков, Атабаев, 1988: 7].

М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілғожин өз еңбектерінде күштеп ұжымдастыру мен тәркілеуді кеңестік тоталитарлық жүйенің зорлыққа негізделген саясатының құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Ол бұл науқанды экономикалық қажеттіліктен емес, идеологиялық мақсаттан туындаған шара деп бағалайды. Зерттеуші ұжымдастырудың қазақ халқы үшін тек шаруашылық апат қана емес, сонымен бірге ұлттық трагедия болғанын атап көрсетеді. Қозыбаевтың тұжырымдары бұл зерттеуде ұжымдастыруды этноәлеуметтік апат ретінде қарастыруға әдіснамалық негіз болды [Қозыбаев, Алдажұманов, Әбілғожин, 1992: 36].

С. Сабыров пен Ә. Әбдәкімұлы еңбектерінде ұжымдастырудың нақты статистикалық көрсеткіштері мен оның экономикалық салдарына басымдық беріледі. Авторлар архив деректеріне сүйене отырып, мал басының күрт азаюын, шаруашылық құрылымының бұзылуын және ауыл халқының жаппай күйзеліске ұшырауын көрсетеді. Бұл еңбектер ұжымдастырудың Қазақстан жағдайында жоспарлы түрде емес, науқаншылдық сипатта жүргізілгенін дәлелдейді [Сабыров, 2002: 170; Әбдәкімұлы, 2005: 302].

М. Қойгелдиев пен Т. Омарбековтің бірлескен еңбектерінде ұжымдастыру мен тәркілеу саясаты халық санасында тарихи жара қалдырған құбылыс ретінде бағаланады. Авторлар кеңестік аграрлық реформалардың қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетіне, өмір салтына және рухани құндылықтарына тигізген зардаптарын ашып көрсетеді. Бұл тұрғыда ұжымдастыру экономикалық реформадан гөрі, ұлттық болмысты өзгертуге бағытталған саяси-идеологиялық науқан ретінде пайымдалады [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993: 208].

Сонымен қатар, Қазақстандағы жаппай халық наразылықтары мен көтерілістер мәселесі де зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. М.Қ. Қойгелдиевтің еңбектерінде 1929–1931 жылдардағы көтерілістер кеңестік биліктің күштеу саясатына берілген табиғи әлеуметтік реакция ретінде түсіндіріледі. Автор бұл қозғалыстарды «байлар мен дін өкілдерінің арандатуы» деп бағалаған кеңестік тұжырымдаманы жоққа шығарып, олардың басты себебі экономикалық күйзеліс пен әкімшілік зорлықта болғанын дәлелдейді [Қойгелдиев, 1997: 53].

1990 жылдарға дейінгі зерттеулерде кеңестік құқық қорғау органдары тек марксистік-лениндік идеология тұрғысынан қарастырылып, олардың құрылымы мен қызметі біртұтас мемлекеттік билік теориясы prizması арқылы сипатталған. Мұндай зерттеулер Лениннің тұжырымына негізделіп, құқық қорғау органдары тек «билік ететін таптың» мүддесіне қызмет етеді деп бағаланған. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін ғана құқық қорғау органдарының 1920–1930 жылдардағы репрессиялық рөлін объективті бағалайтын зерттеулер пайда болды. Мысалы, Сағнайқызы, Асылбекова және Омарованың еңбектерінде құқық қорғау органдарының қызметі «Әлеуметтік меншік қорғалу туралы» Заңды іске асыру контекстінде қарастырылып, олардың экономикалық науқандардағы рөлі нақты түсіндірілген [Сағнайқызы және т.б., 2024: 915–927].

1925–1933 жылдары Қазақстанда большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекиннің басқаруымен жүзеге асырылған Кіші Қазан революциясы, оны іске асыру факторлары мен салдарлары әрқашан зерттеушілердің назарында болды. Кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи бағалаулар әртүрлі болғанымен, осы жылдардағы науқандардың әлеуметтік-экономикалық әсері, шаруашылыққа тиімділігі және қоғамдағы қолдауы әлі күнге дейін пікірталас тудырып келеді. Архивтік құжаттарды

зерттеу тарихи оқиғаларды объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ф.И. Голощекиннің саяси, экономикалық және қоғамдық науқандарына қатысты архив деректері сол кезеңнің бет пердесін ашып, жергілікті басшылардың кейде сыни тұрғыдан талдау жасай алмауы, субъективтік факторлар мен аппараттық билікке сенімі, сондай-ақ басқарудың күштеу әдістеріне бейімделуі реформаларды іске асырудағы әлсіздіктерді көрсетті [Сулейменова, 2025: 1117–1135].

Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілердің еңбектері – Огаион, Киндлер, Дэвис, Уиткрофт және Камерон сияқты авторлардың жұмыстары – Қазақстандағы кеңестік аграрлық саясат шеңберінде жүргізілген ұжымдастыру және бай-шаруашылықтарды тәркілеу процестерін кешенді талдайды [Огаион, 2009: 64; Киндлер, 2018: 382; Дэвис, 2011: 543]. Олар архивтік материалдарды, халықтық естеліктер мен статистикалық деректерді пайдалана отырып, 1928–1933 жылдардағы ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын, бай-шаруашылықтарды тәркілеу механизмдерін, сондай-ақ жергілікті билік органдарының ролін нақты сипаттаған. Осылайша, жаңа зерттеулер Қазақстандағы ұжымдастыру кезеңін дәстүрлі кеңестік идеологиялық тұрғыдан қарастырудан шығарып, тарихи процестердің объективті, көпәспектiлі бағасын беруге мүмкіндік тудырады.

Осылайша, қарастырылған ғылыми еңбектерді талдау Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен байларды тәркілеу саясатының көпқырлы әрі күрделі сипатын көрсетеді. Тарихнамада бұл үдерістер біржақты «социалистік қайта құру» ретінде емес, қазақ қоғамының дәстүрлі даму жолын үзіп, әлеуметтік-экономикалық және рухани дағдарысқа әкелген зорлықшыл саясат ретінде бағаланады. Аталған зерттеулердің теориялық тұжырымдары мен деректік негіздері бұл тақырыпты жаңаша пайымдауға және тарихи әділ бағасын беруге мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Қазіргі заманғы тарихнамада кеңестік мемлекеттің 1920-жылдардың соңы кезеңінде бастан кешкен әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерін, соның ішінде жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) тоқтатылу алғышарттары мен ауыл шаруашылығын жедел ұжымдастыру бағытының қалыптасуын жан-жақты талдаған бірқатар ғылыми еңбектер бар. Осы зерттеулердің тұжырымдарын жинақтай отырып, төмендегідей негізгі қорытындыларды бөліп көрсетуге болады.

1928 жылдың басында И.В. Сталиннің айналасындағы басшылық тобы Н.И. Бухарин бастаған шектеулі оппозициялық топтың қарсылығына қарамастан, шаруаларға қатысты мемлекеттік саясатта әкімшіл-әміршіл, күштеу тәсілдерін қайта қолдану туралы шешім қабылдады. Елде жедел индустриялық дамуды жүзеге асыру міндеті алдыңғы қатарға шықты. Осындай жағдайда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру өндіріс көлемін арттырып, оның тауарлық сипатын күшейтудің негізгі тетігі ретінде қарастырылды.

Нарықтық қатынастардың жойылуы нәтижесінде шаруалар дербес ұсақ тауар өндіруші ретіндегі экономикалық дербестігінен айырылды. Сонымен бірге мемлекет қалалық халықты азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз ету және индустрияландыруды қаржыландыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақты жеткізілуіне мүдделі болды. Атап айтқанда, 1930 жылы Батыс Еуропа елдеріне 5 миллион тоннадан астам астық экспорттау жоспарланып, одан түскен валюталық түсімді өнеркәсіп саласын дамытуға бағыттау көзделді.

Ұжымдастыру саясаты экономикалық міндеттермен қатар, ауылдық аймақтардағы саяси бақылауды күшейту және шаруаларды кеңестік қоғамдық-саяси жүйені қабылдауға мәжбүрлеу құралы ретінде де пайдаланылды. Осы тұрғыда экономикалық мақсаттар саяси мүдделермен тығыз байланыста жүзеге асырылды. Бай шаруаларды тәркілеу ұжымдастыру науқанының ажырамас бөлігіне айналды. Экономикалық тұрғыдан белсенді әрі саяси сенімсіз деп танылған шаруалар тарапынан болуы мүмкін қарсылықты әлсірету мақсатында жаппай тәркілеу және қуғын-сүргін шаралары жүргізілді [История сталинского Гулага, 2004: 62].

Қазақстан аумағындағы «кулактарды жер аудару» саясатына қатысты құжаттық деректерді талдау тәркілеу үдерісінің тек экономикалық санкциялармен шектелмей, сонымен қатар Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) желісі арқылы соттан тыс репрессиялық шараларды қолдану жолымен жүзеге асырылғанын көрсетеді. Осы тұрғыда республика көлемінде «байлар мен кулактарды тап ретінде жою» науқанының ұйымдастырылу тәртібі, оны іске асырудағы партиялық және кеңестік басқару органдарының ролі, барлық деңгейлердегі әкімшілік даярлық ахуалы, сондай-ақ науқанның нақты жүзеге асырылу механизмдері айрықша ғылыми қызығушылық туғызады.

Қазіргі кезеңдегі зерттеушілер негізінен 1929 жылғы КСРО Орталық статистика басқармасының ресми деректеріне сүйенеді. Аталған мәліметтерге сәйкес, бүкілодақтық ауқымда кулактік шаруашылықтардың үлесі 2 пайыздан сәл ғана асып түскен. Алайда тәркілеуге жатқызылған

шаруашылықтардың жалпы үлесі 3–5 пайыз көлемінде белгіленді. Егер алғашқы көрсеткішті салыстырмалы түрде шынайы деп қабылдасақ, қосымша шамамен 3 пайыз шаруашылықтың «кулак» санатына енгізілуі іс жүзінде тәркілеу науқанын жүзеге асырған жергілікті билік органдарының субъективті шешімдеріне тәуелді болғанын аңғартады [Қазақстан тарихы, 2010: 264].

1930 жылға қатысты құжаттық материалдар Қазақстан аумағында жаппай ұжымдастыру мен байлар мен кулактарды тап ретінде жою науқанының тиісті дәрежеде алдын ала дайындықсыз жүргізілгенін айқын дәлелдейді. Бұл жағдай, әсіресе, жартылай көшпелі және көшпелі шаруашылық басым болған аймақтарда анық байқалды. Егер казак станицалары мен қоныс аударушы шаруалар ауылдарында шаруашылықтарды кооперациялау тәжірибесінің белгілі бір элементтері бұрыннан қалыптасқан болса, қазақ ауылдары үшін егіншілікке негізделген ауыл шаруашылығы артельдерінің әлі толық жетілмеген жарғылары практикалық тұрғыдан қолдануға жарамсыз болды.

Қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық құрылымы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына тән дәстүрлі қағидаттарға сүйенді. Осы шаруашылық жүйесінен негізгі экономикалық және әлеуметтік тірек болып табылған ірі бай шаруашылықтарын қысқа мерзім ішінде шеттету ауыл шаруашылығының күйреуіне, дәстүрлі өндірістік қатынастар мен шаруашылық құрылымының бұзылуына алып келді.

Осы кезеңде кулактарды, әсіресе «контрреволюциялық белсенді элементтерді» жою міндетінің не себепті ерекше саяси өзектілікке ие болғаны жөнінде заңды сұрақ туындайды. Оның жауабы мынада: ауыл шаруашылығы өнімдерімен елді қамтамасыз ету мәселесін әкімшіл-әміршіл, күштеу әдістері арқылы шешуге көшу бүкіл КСРО көлемінде шаруалар наразылығының жаңа толқынын туғызды. 1929 жылдың күзінен бастап-ақ Қазақ АКСР-і аумағында жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа қарсы бағытталған жаппай халықтық көтерілістер тіркеле бастады [Қазақстан тарихы, 2010: 277–306].

Кулактарды тәркілеу саясатын жүзеге асырудың өзге де құрылымдық себептері болды. 1929 жылғы 27 маусымда КСРО үкіметі мәжбүрлі еңбек жүйесін одан әрі кеңейту мен институционалдық тұрғыдан нығайтуға бағытталған арнайы қаулы қабылдады. Аталған шешімге сәйкес, үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылған барлық сотталғандар елдің шығыс және солтүстік аймақтарындағы табиғи ресурстарды игеру мақсатында еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілуге тиіс болды.

Бірінші бесжылдық жоспарын іске асыру жағдайында жұмыс күшін орталықтандырылған түрде тиімді орналастыру мәселесі айрықша маңызға ие болды. Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) төрағасы В.Р. Менжинский мен оның орынбасары Г.Г. Ягода бұл міндеттің стратегиялық сипатын толық түсінді. Осыған байланысты 1929 жылдың жаз айларынан бастап Нарым өңірі мен Батыс Сібір аумағын «шаруашылық тұрғыдан игеру» жоспары әзірлене бастады.

Кулактарды тәркілеуге қатысты түбегейлі стратегиялық шешімдер нақты экономикалық және саяси міндеттермен тығыз байланыста қабылданды. Бұл саясат, бір жағынан, шаруалардың ұжымдастыруға қарсы ықтимал қарсылығын лагерлік жазалау қатері арқылы әлсіретуді көздесе, екінші жағынан, елдің қолжетімділігі төмен әрі сирек қоныстанған кең аумақтарын мәжбүрлі еңбек ресурстары есебінен игеруді қамтамасыз етуге бағытталды [История сталинского Гулага, 2004: 63].

Кулактарды «шектеу» саясаты бірқатар құқықтық-нормативтік актілерді әзірлеуден басталды. 1928 жылғы 21 сәуірде қабылданған Бірыңғай ауыл шаруашылығы салығы туралы заңда кулактар мен орташалардың ең ауқатты бөлігіне салық салудың дараланған тәртібі енгізілді. Сонымен қатар, 1929 жылғы 21 мамырдағы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Кулак шаруашылықтарының белгілері туралы, оларға Еңбек кодексінің нормаларын қолдану жөнінде» қаулысында кулактік санатқа жатқызылатын шаруашылықтардың нақты түрлері айқындалды.

Осылайша, 1930 жылы КСРО Орталық Атқару Комитетінің «Жерді пайдалану және жерге орналастырудың жалпы негіздері туралы» қаулысының VII бөлімі – «Еңбекпен пайдаланылатын жерді жалға беру» және VIII бөлімі – «Ауыл шаруашылығындағы жалдамалы еңбек» нақты қалыптасқан тәжірибені заңдық тұрғыда бекіте түсті [Коллективизация сельского хозяйства, 1957: 103–105].

Аталған кезеңде кеңінен тараған құбылыстардың бірі ресми құжаттарда айқын көрініс тапты. «Кулак» деп танылған шаруашылықтар жаңадан енгізілген, аса ауыр салық салу нормаларының нысанына айналды. Оларға ең алдымен астық жинау бойынша «қатаң міндеттемелер» жүктелді. Бұл міндеттемелердің орындалмауы тапсырмалардың бес есе ұлғайтылуына әкеліп, шаруашылықтың

толық күйреу қаупін туғызды. Нәтижесінде іс жүзінде тәркілеу жүзеге асып, шаруашылық жүргізу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болғандықтан, «өзін-өзі тәркілеу» құбылысы қалыптасты.

1928–1929 жылдардағы астық дайындау науқандарының тонаушылық сипаты және олардың барысында мыңдаған адамның сотталуы 1929 жылы бүкіл КСРО аумағында өзін-өзі тәркілеу үдерісінің жаппай сипат алуына әкелді. Ауқатты шаруашылықтар жойылып, көптеген шаруалар қалаларға, құрылыс алаңдарына және басқа да өнеркәсіптік нысандарға кетуге мәжбүр болды.

Қазақстан аумағында 1928–1929 жылдардағы астық дайындау науқаны бойынша 8 936 шаруашылық жауапкершілікке тартылды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 4 721 474 сомды құрады, 1 230 013 сом көлемінде мүлік тәркіленді, 540 035 пұт астық, 4 563 бас мал, сондай-ақ 55 кәсіпорын мен құрылыс нысаны тәркіленді. Әкімшілік тәртіппен 3 128 шаруашылыққа 1 225 583 сом көлемінде айыппұл салынды, бұл бір шаруашылыққа орта есеппен 386 сомнан келді.

1929–1930 жылдардағы астық дайындау науқаны кезінде 19 239 адам әкімшілік және соттық жауапкершілікке тартылды, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан адамдар қамтылды. Олардың ішінде кулактар – 6 485 адам, ауқатты шаруалар – 4 108, орташалар – 1 841, кедейлер – 575, өзге санаттағы адамдар – 1 069 адам болды. Айыппұлдардың жалпы сомасы 13 208 699 сомды құрады, 82 799 пұт астық тәркіленді.

Террористік әрекеттер үшін 113 адам жауапкершілікке тартылды, оның ішінде кулактар – 63, ауқатты шаруалар – 29, орташалар – 19, кедейлер – 10, өзге топ өкілдері – 1 адам болды. Ал контрреволюциялық үгіт-насихат айыптары бойынша 290 адам сотталды, оның ішінде кулактар – 91, ауқатты шаруалар – 67, орташалар – 107, кедейлер – 57, өзге санаттағы адамдар – 18 адамды құрады [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2912-іс. 35-п.].

1930 жылғы мамыр айына қарай, Қызылорда округін қоспағанда, он округ пен Ақтөбе округінің үш ауданы бойынша бай шаруашылықтардан тәркіленген ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтары мен мүліктің көлемі жөніндегі деректер сақталған.

Атап айтқанда, тәркіленген ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарының құрамына мыналар енеді: тұқым себетін машина – 4, шөп шабатын машина – 135, жоңышқа жинайтын құрал – 37, құнарлы жерді қопсытуға арналған соқа – 89, дән орамдарын байлайтын машина – 1, астық бастыруға арналған машина – 5, қолмен пайдаланылатын құмсауғыш – 62, атпен тартылатын құмсауғыш – 76, дән тазалайтын құрал – 20, бидай мен арпаны өңдеуге арналған дән ұсатқыш – 16, жерді тегістейтін доңғалақ – 9, дән түйетін тас – 2, әртүрлі ауыл шаруашылығы машиналары – 79, тісті тырма – 97. Жалпы ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарының саны – 63 бірлік.

Тәркіленген жылжымайтын мүлік нысандарына ағаш үйлер – 108, қыстақ үйлер – 513, киіз үйлер – 195, тұрғын үйлер – 75, мал шаруашылығына арналған құрылыстар – 88, тұрғын және қосалқы құрылыстары бар нысандар – 51, өзге де құрылыс нысандары – 226, диірмен – 1 жатады. Жалпы құрылыс нысандарының саны – 1 257.

Көлік құралдары бойынша тәркіленген мүліктер мыналардан тұрды: жеңіл ат арбалары – 324, әртүрлі шаналар – 180, жүк тасымалдауға арналған арба – 4, арба мен екі доңғалақты жегін көлік – 241, жолаушы тасымалдауға арналған күймелер – 33, қайық – 1. Жалпы көлік құралдарының саны – 783.

Үй шаруашылығына арналған мүлік құрамына кілемдер – 406, мал айдауға арналған қамшы – 691, сүт айыруға арналған сепаратор – 14, ер-тоқымдар – 45, жүгендер – 11, ат жегуге арналған мойынтірек – 63, аттың арқасына салынатын жеңіл ер – 6, арқалық арқылы ер салуға арналған құрал – 2, доға – 4, тізгін – 4, күміс белдіктер – 4, атыс қарулары – 2, тон – 1. Жалпы үй шаруашылық мүлкінің саны – 1 253 бірлік [ҚР ПА. – 141-қ. – 1-т. – 2912-іс. – 105-п.]. Бұл деректер бай шаруашылықтарын тап ретінде жою науқаны ресми түрде басталғанға дейін-ақ Қазақстанның жекелеген аймақтарында шаруашылықтардың материалдық ресурстарының жүйелі түрде тәркіленгенін, сондай-ақ олардың өндірістік, техникалық және тұрмыстық әлеуетінің күрт төмендегенін айқын көрсетеді. Ұсынылған мәліметтер толық болмағанымен, тәркіленген мүліктің басым бөлігін тұрғын үйлер, киіз үйлер және өзге де баспана түрлері құрағаны анық байқалады.

Сонымен қатар тәркілеу үдерісі барысында кеңінен орын алған ашық тонаушылық фактілерін ескерсек, есептік тізімдерге көптеген мүліктің енбей қалуы әбден мүмкін. Мұндай жайттар тек архивтік-құжаттық материалдардан ғана емес, сондай-ақ ресейлік ғылыми зерттеулерде де көрініс тапқан. Алайда тәркіленген мүлік пен ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын механикалық түрде тізіп шығу репрессияға ұшыраған азаматтардың шын мәніндегі жоғары материалдық әл-ауқатын дәлелдей алмайды. Осыған байланысты ресми науқанның едәуір дәрежеде нақты әрекет етіп отырған

экономикалық қуатты бай-кулактік шаруашылықтарға емес, керісінше, бұрыннан әлсіреген немесе іс жүзінде күйреген шаруашылықтарға қарсы бағытталғаны туралы тұжырым негізді болып табылады.

1930 жылғы құжаттарды талдау сол кезеңде орын алған әлеуметтік-экономикалық трагедияның ауқымын тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. 1930 жылғы 5 қаңтарда қабылданған БК(б)П Орталық Комитетінің «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекет тарапынан колхоз құрылысына көмек көрсету шаралары туралы» қаулысында ұжымдастыру қозғалысының жоспарланған көрсеткіштерден асып түскені атап көрсетілді. Құжатта ірі кулактік өндірісті ірі колхоздық өндіріс арқылы алмастыруға және социалистік егіншілікті кең көлемде дамытуға қажетті материалдық алғышарттардың қалыптасқаны көрсетілді. Аталған жағдай бүкіл халық шаруашылығы үшін шешуші мәнге ие болып, партия басшылығына кулактарды «шектеу» саясатынан оларды тап ретінде түбегейлі жою саясатына көшуге саяси-идеологиялық негіз қалады.

Бұл бағытты құқықтық тұрғыдан бекіткен КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактармен күрес шаралары туралы» қаулысы 1930 жылғы 1 ақпанда қабылданды. Аталған қаулыда репрессияға ұшырауға тиіс контингенттер нақты айқындалып, кулактарды үш санатқа бөлу тәртібі белгіленді. Осы жіктеу негізінде азаматтар қамауға алынып, еңбекпен түзеу лагерьлеріне жіберілді, ерекше жағдайларда ең жоғары жаза қолданылды немесе шалғай аймақтарға жер аударылды, сондай-ақ колхоздық жер пайдалану аумақтарынан тыс жерлерге күштеп көшірілді. Сонымен қатар мүлікті тәркілеу тәртібі мен рәсімдері де егжей-тегжейлі регламенттелді.

Қазақстанда бұл саясатты іске асыруға дайындық ертерек басталды. 1930 жылғы 22 қаңтарда БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті кулактарды тап ретінде жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мақсатында арнайы комиссия құру туралы шешім қабылдады. Комиссия құрамына И. Құрамысов, А. Р. Альшанский және А. Асылбеков енгізілді. Комиссия қызметіне «қатаң құпия» мәртебесін беру туралы нұсқау қабылданды [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2926-іс. 59-п.].

«Контрреволюциялық белсенді элементтерді» жою жөніндегі негізгі ауыртпалық Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) органдарына жүктелді. Партиялық және кеңестік басқару құрылымдары тарапынан бұл науқанды іске асыру мақсатында арнайы соттан тыс репрессиялық органдар – «үштіктер» құру, жергілікті белсенділерді кең көлемде жұмылдыру, қарулы жасақтар үшін қару-жарақ сатып алуға арнайы қаржы бөлу, қамауға алу орындарын алдын ала даярлау және өзге де ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар көзделді.

1930 жылғы 2 ақпанда қабылданған ОГПУ-дің № 44/21 «Кулактарды тап ретінде жою туралы» бұйрығында аталған науқанды жүзеге асырудың нақты ұйымдастырушылық тетіктері егжей-тегжейлі айқындалды. Құжатта репрессиялық шаралардың негізінен шаруаларға қарсы бағытталғаны, ал Қызыл Армияның қатардағы әскери құрамының басым бөлігі шаруалар ортасынан шыққаны ескеріле отырып, Қызыл Армия бөлімдерін бұл операцияларға ешбір жағдайда тартпау қажеттігі арнайы атап көрсетілді. Қызыл Армияны қолдануға тек ерекше жағдайларда, яғни жаппай қарулы көтерілістер орын алған кезде ғана, өлкелік партия ұйымдарының және Революциялық әскери кеңестің келісімі арқылы рұқсат етілді. Мұндай жағдайларда ОГПУ әскерлері жеткіліксіз өңірлерде Қызыл Армияның сенімді әрі алдын ала тексеруден өткен бөлімшелерінен жасырын түрде уақытша әскери топтар құру мүмкіндігі қарастырылды [История сталинского Гулага, 2004: 96].

Осындай жасырын әскери топтардың Қазақ АКСР-і аумағында, әсіресе ұлттық аймақтарда орын алған қарулы көтерілістерді басу барысында нақты қолданылғаны белгілі. Бұл жайт репрессиялық саясаттың тек әкімшілік-шаруашылық сипатта ғана емес, сонымен қатар әскери-күштеу тетіктері арқылы жүзеге асырылғанын айғақтайды.

Бай және кулактік шаруашылықтардың пайыздық үлесін айқындау барысында Қазақ өлкелік комитеті БК(б)П жергілікті жерлердегі жер және қаржы органдары ұсынуға тиіс нақты статистикалық деректерге сүйенбеді. Керісінше, есептеулер Орталық Комитеттен жіберілген алдын ала болжамдық көрсеткіштерге негізделді. Барлық директивтік құжаттарға тән «квоталық қағидат» кеңестік бюрократиялық басқару жүйесінің айрықша сипаты болды. Республика бойынша кулактарды қамауға алу және жер аудару жөнінде белгілі бір «шамалық лимиттер» бекітілді. Бұл көрсеткіштер жергілікті деңгейде «қарсы жоспар» қағидаты бойынша қайта қаралып, көп жағдайда белгіленген шектерден едәуір асып түсті. Осыған байланысты Қазақ өлкелік комитетінің бірқатар хаттамаларында әртүрлі санаттағы тәркілеуге жатқызылатын шаруашылықтар санының «шекті» сипатта екені және оларды арттырмау қажеттігі бірнеше рет арнайы атап өтілді. Соған қарамастан, жергілікті жерлерде

жоғарыдан берілген нұсқауларға қайшы түрде кулактарды тәркілеу науқанының қарқынды жүргізілгені байқалады.

1930 жылғы маусым айында өткен 7-өлкелік партия конференциясына дайындық барысында Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф. И. Голощекин ұсынған баяндамалық материалдарда мынадай статистикалық деректер келтірілген: «Жартылай феодалдық шаруашылықтарды тәркілеу нәтижесінде 700 жартылай феодалдық шаруашылық жойылды, ал олардың малы 125 млн бас малға тең көлемде жеке кедей және орташа шаруашылықтарға, сондай-ақ колхоздарға бөлініп берілді. Қолданылып отырған салық саясатына сәйкес соңғы екі жыл ішінде кулактік-бұқаралық элементтен 53 900 шаруашылықтан (өлке бойынша барлық шаруашылықтардың 4,03 %-ы) жеке салық шкаласын арттыру тәртібімен 14 171 600 сом өндірілді, бұл ауыл шаруашылығы салығының жалпы көлемінің 34,7 %-ын құрады, ал ағымдағы жылы кулактік-бұқаралық шаруашылықтардан алынатын үлес 42,5 %-ға жетеді» [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2912-іс. 35-п.].

1930 жылғы маусым айына қарай жаппай ұжымдастыру аудандарында кулактарды тап ретінде жою үдерісі іс жүзінде жүзеге асырылғаны байқалады. Алайда осы кезеңде кулактік-байлық шаруашылықтардан өндіріп алынған салықтардың жалпы көлемі 42,5 %-ды құрады деген көрсеткіштің қалай есептелгені ғылыми тұрғыдан даулы мәселе болып қала береді, әсіресе бұл санаттағы шаруашылықтардың нақты саны айтарлықтай қысқарған жағдайда.

1929 жылғы салық науқаны барысында орташаларға қатысты қабылданған негізсіз әрі қате шешімдердің кеңінен таралғанын ескерсек, салықтық ауыртпалықтың бір бөлігінің іс жүзінде кулактарға емес, орта және тіпті кедей шаруашылықтарға ауыстырылғаны туралы болжам жасауға негіз бар. Бұл жағдай ресми статистикалық деректердің шынайылығына күмән туғызып, кулактік-байлық шаруашылықтарға телінген салық үлесінің жасанды түрде ұлғайтылғанын көрсетеді. Облыстағы кулактік-бұқаралық шаруашылықтардың жалпы санының 4,03 % екені көрсетілген мәлімет сенім тудырмайды [Единый сельскохозяйственный налог, 1932: 473–477].

Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы У. Исаевтың 1930 жылғы 28 мамырда Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде жасаған баяндамасы сол кезеңдегі салық саясатының қайшылықты сипатын айқын көрсететін маңызды дерек көзі болып табылады. РКФСР Қаржы халық комиссариатының (НКФ) жаңа нұсқаулығын талқылау барысында кулактарды ұжымдастыру жолымен ғана емес, сондай-ақ өзге де тәркілеу тетіктері арқылы жою жағдайларында салық салу жүйесінде елеулі сәйкессіздіктердің орын алғаны атап өтілді.

Баяндамада кулактарға бағытталған деп жарияланған салықтық қысым іс жүзінде орта шаруашылықтарға да кеңінен таралғаны, олардың шамадан тыс және негізсіз салық салудың құрбанына айналғаны ашық көрсетілді. Бұл жайт жергілікті қаржы және жер органдарының әлеуметтік жіктеу барысында өрескел қателіктерге жол бергенін, сондай-ақ «кулак» санатын кеңейту арқылы жоспарлы көрсеткіштерді орындауға ұмтылғанын аңғартады.

Мәселен, Қарқаралы округіндегі жекелеген аудандардың бірінде кулактардың үлесі 14 пайыз деңгейінде белгіленуі әлеуметтік құрылымның нақты көрінісіне сәйкес келмей, кулактік санатты жасанды түрде ұлғайтудың айқын көрінісі ретінде бағалануы мүмкін [Из истории депортаций, 2012: 29]. Бұл дерек кулактардан алынған салық үлесінің жоғары көрсеткіштері көбіне нақты экономикалық әлеуетке емес, әкімшілік-бюрократиялық шешімдерге негізделгенін дәлелдейді.

Осылайша, Исаевтың баяндамасы кулактарды тап ретінде жою саясаты аясында жүргізілген салық науқанының әлеуметтік әділетсіздігін, сондай-ақ репрессиялық сипаттағы экономикалық қысымның кең ауқымды шаруалар тобына таралғанын көрсететін маңызды айғақ ретінде қарастырылуы тиіс.

Архивтік деректерге сәйкес, ұжымдастыру мен кулактарға қарсы жүргізілген науқан ауылдық жерлерде әлеуметтік-экономикалық және әкімшілік тұрғыдан толық бейберекеттік ахуал қалыптастырғанын айқын көрсетеді. ОГПУ-дің қорытынды материалдары, жергілікті органдар арасындағы қызметтік хат-хабарлар, сондай-ақ үкіметтік комиссиялардың есептері науқан барысында заңдылықтың жүйелі түрде бұзылғанын дәлелдейді. Ұжымдастыруға қарсы толқулардың күшеюі көбіне осы саясатты іске асыру кезінде кулактар мен байларға қатысты жол берілген заңсыздықтар мен әкімшілік өктемдіктің тікелей салдары болды.

Ұжымдастыру және кулактарды тап ретінде жою үдерістері барысында ауыл тұрғындары тарапынан қойылған талаптар сол кезеңдегі нақты жағдайды айқын бейнелейді. Атап айтқанда, шаруалар:

– 1928 жылы негізсіз тәркіленген орта шаруашылықтардың мүлкін қайтаруды;

- ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз етуді, мешіттерді қайтаруды, діни білім беру мен рәсімдерді атқаруға кедергі жасамауды;
- ірі байлардың мүлкі тәркіленгеннен кейін орта шаруашылықтарға қатысты тәркілеу шараларын тоқтатуды;
- колхоздарды ерікті негізде ұйымдастыруды;
- ауылдағы әлеуметтік жіктеу мәселелерін сырттан келген уәкілдердің қатысуынсыз, тек жергілікті ауылдық жиналыстар арқылы шешуді;
- салық салуды шаруашылықтағы мүлік көлеміне сай жүргізуді және егін егілмеген жерлерді салық салу объектісіне қоспауды талап етті.

Бұл талаптар ауылдағы әлеуметтік шиеленістің себептерін нақты көрсетіп қана қоймай, кеңестік аграрлық саясаттың жергілікті ерекшеліктерді ескермей жүргізілгенін де аңғартады. Сонымен қатар, сол кезеңде жүзеге асырылған «отырықшыландыру» саясаты қалыптасқан ахуалды одан әрі ушықтырып, қазақ қоғамы үшін ауқымды ұлттық трагедияға алып келді. Ресми құжаттарда жиі айтылатын «бай-кулактік ықпал» ұғымына қарамастан, нақты жағдайда республикалық және жергілікті партия-мемлекеттік және құқық қорғау органдарының реформаларды іске асыруға институционалдық әрі кадрлық тұрғыдан дайын болмағаны анық байқалады.

Жергілікті деңгейде ұжымдастыру мен кулактарды жою науқандары бірқатар тән ерекшеліктермен сипатталды. Атап айтқанда:

- «партия еркін» іске асырушылардың хаттамаларында күш қолдану, қорқыту, түнгі уақытта өткізілген соттан тыс «трибуналдар», ашық зорлық-зомбылық әрекеттерінің тіркелуі;
- жоғарыдан жіберілген жұмысшы-белсенділер, соның ішінде «жиырма бес мыңдықтар», өздеріне жүктелген идеологиялық міндеттерді орындау барысында жергілікті жағдайды ескермей, кейде этикалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан өрескел қателіктерге жол беруі;
- жекелеген «жиырма бес мыңдықтардың» колхоздардан өз бетінше кетуі, қаруды заңсыз қолдануы сияқты әрекеттерге баруы және кейіннен жауапкершілікке тартылуы.

Күштеп жер аударылғандардың ішінде ең осал әлеуметтік топты арнайы қоныстандырылған шаруалар құрады. Олар аштық пен жұқпалы аурулардан ең көп зардап шегіп, өлім-жітім деңгейі аса жоғары болды.

Қоныстандырылғандардың едәуір бөлігі жаңа мекендерден қашып кетуге тырысты, себебі бастапқы кезеңде бұл аумақтарда қатаң бақылау жүйесі толық орнатылмаған еді. Мәселен, 1933 жылғы қаңтар айында Оңтүстік Қазақстан аумағында «кубандықтар» деп аталған 10 766 адам арнайы қоныстандырылса, сол жылдың 1 шілдесіне қарай олардың саны шамамен 40 пайызға қысқарған. Бұл азаюдың негізгі себептері қашып кету (20 пайыз) және өлім-жітім (17 пайыз) болды [Из истории депортаций, 2012: 30–32].

1930–1933 жылдары Қазақстан аумағына жер аударылған шаруалар саны 317 мың адамды құраған. Сонымен қатар, тәркілеуден қашып келген 150–175 мың отбасы шекаралас аудандардан Қазақстанға қоныс аударған [Қазақстан тарихы, 2010: 268].

Қорытынды. 1928–1933 жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған жаппай ұжымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу науқаны кеңестік тоталитарлық жүйенің аграрлық кеңістіктегі радикалды әлеуметтік-инженерлік жобаларының бірі болды. Бұл саясат тек экономикасын социалистік үлгіге көшіруді ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгертуге, ауыл халқын саяси тұрғыдан бағындыруға және орталық биліктің бақылауын күшейтуге бағытталды. Алайда зерттеу нәтижелері бұл науқанның көбіне экономикалық емес, саяси-идеологиялық мақсаттарға қызмет еткенін көрсетеді.

Ұжымдастыру процесі қазақ ауылының көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген ерекшеліктерін ескермей жүзеге асырылды. Колхоздық модельдің енгізілуі мал басының қырылуына, өндірістік қатынастардың күйреуіне және шаруалардың экономикалық дербестігінің жойылуына алып келді. Бұл ауыл шаруашылығын ұзақ мерзімді күйзеліске ұшыратып, жоспарланған экономикалық нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болмады.

Бай-кулактарды тәркілеу саясаты ұжымдастыруды жеделдетудің басты құралы ретінде қолданылды. Алайда «бай» мен «кулак» ұғымдары нақты әлеуметтік-экономикалық өлшемдерге емес, әкімшілік шешімдерге сүйене отырып анықталды. Тәркілеу шаралары көбіне орта және кедей шаруашылықтарды да қамтып, ауылдағы әлеуметтік сенімділікті әлсіретті, дәстүрлі қауымдық байланыстарды бұзды.

Ұжымдастыру мен тәркілеудің ең ауыр салдары – жаппай ашаршылық пен демографиялық дағдарыс болды. Халықты отырықшыландыру, азық-түлік дайындау жоспарларын шамадан тыс қою және репрессиялық қысым ауыл халқының өмірлік ресурстарын шектеді. Бұл Қазақстанда бұрын-соңды болмаған адам шығынына, көші-қонға және әлеуметтік құрылымның бұзылуына алып келді.

Зерттеу көрсеткендей, ұжымдастыру мен тәркілеу науқандары репрессиялық саясатпен тығыз байланысты болды және кеңестік билік күштеу арқылы аграрлық реформаларды жүргізді. Қазақстан тәжірибесі бүкілодақтық үлгіден ерекшеленіп, көшпелі шаруашылықты зорлықпен трансформациялау, ұлттық элитаны әлсірету және дәстүрлі институттарды ыдырату арқылы ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптарға әкелді. Бұл кезең қоғамның дамуына ұзақ мерзімді зиян тигізді және күштеу арқылы жүргізілген реформалардың қауіптілігін нақты көрсетті.

Дереккөздер

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

Әдебиеттер

Абдәкімұлы, 2005 – *Абдәкімұлы Ә.* Қазақстан тарихы: ерте дәуірден бүгінге дейін. 2-басылым. Алматы: Қазақстан, 2005. 302 б.

Дэвис, 2011 – *Дэвис Р., Уиткрофт С.* Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1931–1933 / Р. Дэвис, С. Уиткрофт. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. 543 с.

Единый сельскохозяйственный налог, 1932 – *Единый сельскохозяйственный налог, 1932* // Большая советская энциклопедия. 1-е изд. Т. 24. М.: ОГИЗ РСФСР, 1932. С. 473–477.

Из истории депортаций, 2012 – *Из истории депортаций. Казахстан 1930–1935 гг.: сборник документов.* Алматы: ЛЕМ, 2012. 772 с.

История сталинского Гулага, 2004 – *История сталинского Гулага: конец 1920-х — первая половина 1950-х годов: собрание документов: в 7 т. Т. 1: Массовые репрессии в СССР, 2004* / отв. ред. Н. Верт, С.В. Мироненко; отв. сост. И.А. Зюзина. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2004. С. 62–96.

Коллективизация сельского хозяйства, 1957 – *Коллективизация сельского хозяйства: важнейшие постановления Коммунистической партии и Советского правительства. 1927–1935 гг., 1957.* М.: Изд-во АН СССР, 1957. С. 103–105.

Киндлер, 2017 – *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. Москва: Политическая энциклопедия, 2017. 382 с.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2010 – *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. Төртінші тарау. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: мақсаты, барысы, салдары.* Алматы: Атамұра, 2010. 264–306-бб.

Қойгелдиев, 1997 – *Қойгелдиев М.Қ.* Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы: Қазақ университеті, 1997. 53 б.

Қойгелдиев, Омарбеков, 1993 – *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.

Қозыбаев, Алдажұманов, Әбілғожин, 1992 – *Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілғожин Ж.Б.* Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы, 1992. 36 б.

Омарбеков, 1994 – *Омарбеков Т.* Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы: тарих ғыл. докт. дисс. автореф. Алматы, 1994. 35 б.

Омарбеков, Атабаев, 1988 – *Омарбеков Т., Атабаев Қ.* Кооперативтендіру сабақтары // Лениншіл жас. 1988. № 31. 3–4 тамыз. 7 б.

Огайон, 2009 – *Огайон И.* Седентаризация казахов СССР при Сталине: коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.). Алматы: Санат, 2009. 368 с.

Сабыров, 2002 – *Сабыров С.* Қазақстан тарихы. 2-басылым. Алматы: Ғылым, 2002. 170 б.

Сағнайқызы и др., 2024 – *Сағнайқызы С., Асылбекова Ж.М.-А., Омарова Г.А.* Деятельность правоохранительных органов в ходе реализации Закона «О защите социалистической собственности» // Edu.e-history.kz. 2024. Т. 11. № 4. С. 915–927.

Сүлейменова, 2025 – *Сүлейменова А.Т.* Республикалық бақылау комиссияларының құжаттары Қазақстанда 1925–1933 жылдары жүргізілген науқандарды зерттеудің тарихи дереккөзі ретінде // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1117–1135-бб.

Sources

KRPA – Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

References

- Abdäkümüly, 2005 – *Abdäkümüly Ä.* Qazaqstan tarihy: erte дәuirден бүginge deim [History of Kazakhstan: From Ancient Times to Present]. 2-basylym. Almaty: Qazaqstan, 2005. 302 p. [in Kazakh]
- Devis, 2011 – *Devis R., Uitkroft S.* Gody goloda: sel'skoe khozyaystvo SSSR, 1931–1933 [The Famine Years: agriculture of the USSR, 1931-1933]. Moskva: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2011. 543 p. [in Russian]
- Edinyi sel'skohozyaistvennyi nalog, 1932 – *Edinyi sel'skohozyaistvennyi nalog* [Unified Agricultural Tax]. Bol'shaya sovetskaya entsiklopediya. 1-e izd. T. 24. M.: OGIZ RSFSR, 1932. Pp. 473–477. [in Russian]
- Istoriya stalinskogo Gulaga, 2004 – *Istoriya stalinskogo Gulaga: konets 1920-h — pervaya polovina 1950-h godov: sobranie dokumentov* [The History of the Stalinist Gulag: Late 1920s–First Half of the 1950s. Documentary Collection]. V 7 t. T. 1: Massovye repressii v SSSR. Otv. red. N. Vert, S.V. Mironenko; otv. sost. I.A. Zyuzina. M.: Rossiiskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 2004. Pp. 62–96. [in Russian]
- Из истории депортации, 2012 – *Из истории депортации. Казахстан 1930–1935 гг.: сборник документов* [From the History of Deportations. Kazakhstan 1930–1935: Collection of Documents]. Almaty: LEM, 2012. 772 p. [in Russian]
- Kollektivizatsiya sel'skogo hozyaistva, 1957 – *Kollektivizatsiya sel'skogo hozyaistva: vajneishe postanovleniya Kommunisticheskoi partii i Sovetskogo pravitel'stva. 1927–1935 gg.* [Collectivization of Agriculture: Key Resolutions of the Communist Party and the Soviet Government, 1927–1935]. M.: Izd-vo AN SSSR, 1957. Pp. 103–105. [in Russian]
- Kindler, 2017 – *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vlast' i golod v Kazakhstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan]. Moskva: Politicheskaya entsiklopediya, 2017. 382 p. [in Russian]
- Sagnayqyzy i dr., 2024 – *Sagnayqyzy S., Asylbekova Zh.M.-A., Omarova G.A.* Deyatel'nost' pravookhranitel'nykh organov v khode realizatsii Zakona «O zashchite sotsialisticheskoy sobstvennosti» [The Activities of Law Enforcement Agencies during the Implementation of the Law “On the Protection of Socialist Property”. *Edu.e-history.kz.* 2024. T. 11, № 4. Pp. 915–927. [in Russian]
- Suleymenova, 2025 – *Suleymenova A.T.* Respublikalyq baqylau komissiyalarynyñ qujattary Qazaqstanda 1925–1933 jyldary жүргizilgen nauqandardy zertteudiñ tarihi derekközi retinde [Documents of Republican Control Commissions as a Historical Source for Studying Campaigns Conducted in Kazakhstan in 1925–1933]. *Otan tarihy.* 2025. T. 28. № 4. Pp. 1117–1135. [in Kazakh]
- Omarbekov, 1994 – *Omarbekov T.* Qazaq шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұйымдастыру: тарих мен тағылымы: тарих ғыл. докт. diss. Avtoref [Dispossession and Collectivization of Kazakh Peasants: Historical Experience and Lessons. Author's Abstract of Doctoral Dissertation]. Almaty, 1994. 35 p. [in Kazakh]
- Omarbekov, Atabaev, 1988 – *Omarbekov T., Atabaev Q.* Kooperativtendiru sabaqtary [Lessons from Cooperativization]. *Leninshil jas.* 1988. № 31. 3–4 тамыз. 7 p. [in Kazakh]
- Ogayon, 2009 – *Ogayon I.* Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline: kollektivizatsiya i sotsial'nye izmeneniya (1928–1945 gg.) [Sedentarization of the Kazakhs in the USSR under Stalin: Collectivization and Social Changes (1928–1945)]. Almaty: Sanat, 2009. 368 p. [in Russian]
- Qazaqstan tarihy, 2010 – *Qazaqstan tarihy (köne заманнан бүginge deim): bes tomdyq. 4-tom: Keñestik kezeńdegi Qazaqstan. Tarau 4. Qazaqstandaғы awyl шаруашılıғын ұйымдастыру: maqsaty, barısy, saldary* [History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present Day): Five-volume edition. Vol. 4: Soviet Period in Kazakhstan. Chapter 4. Collectivization of Agriculture in Kazakhstan: Goals, Process, Consequences]. Almaty: Atamūra, 2010. Pp. 264–306. [in Kazakh]
- Qoigeldiev, 1997 – *Qoigeldiev M.Q.* Tütas Türkıstan ideyasy және Müstafa Şoqaiülü [The Idea of United Turkestan and Mustafa Shokayuly]. Almaty: Qazaq universiteti, 1997. 53 p. [in Kazakh]
- Qoigeldiev, Omarbekov, 1993 – *Qoigeldiev M., Omarbekov T.* Tarih тағылымы ne deidi? [What Does History Teach Us?]. Almaty: Ana tılı, 1993. 208 p. [in Kazakh]
- Qozybaev, Aldajūmanov, Äbilğojin, 1992 – *Qozybaev M.Q., Aldajūmanov Q.S., Äbilğojin J.B.* Qazaqstandaғы күштеp kollektivtendiru: qorlyq pen zorlyq [Forced Collectivization in Kazakhstan: Oppression and Violence]. Almaty, 1992. 36 p. [in Kazakh]
- Sabyrov, 2002 – *Sabyrov S.* Qazaqstan tarihy [History of Kazakhstan]. 2-basylym. Almaty: Ğylym, 2002. 170 p. [in Kazakh]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е гг.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 гг.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
